

Қу патша

Бұрынғы өткен заманда бір патшаның қаласынан күн сайын әр түрлі қазына, һәм алтын, күміс нәрселер ұрлана беретін болыпты, сол себепті патша жарлық қылыпты:

– Жеті күн, жеті түнге дейін ешкім үйінен далаға шықпасын, әркім өз үйінде болсын, түнде ешкім от, яки шам жақпасын. Кімде-кім әмірімді орындамаса, бастарын кесіп, малдарын қазынаға аламын! – деді. Патшаның жарлығы жұртқа мәлім болған соң, қаладағы адамдар еш жаққа шықпастан үйлерінде болды. Ешкім от һәм шам жақпады. Патшаның өзі әр күн түнде қолына балта алып, ешкімге білдірмей көшеде жүретін болды.

Бірнеше күннен кейін бір күні түнде патша бір бұрышта отырып көреді, үш атты адам қолдарында қылыштары бар, тура патшаның қазынасына келіп кіреді. Олар да бұрышта отырған мұны көріп, өлтіру үшін қылыштарын суырып, қасына келеді. Сонда патша өзін білдірмей:

– Мен жұрттан асқан ұры едім, осы патшаның қазынасына кірмекке талап етіп ем, бірақ жалғыз болған соң, кіре алмай тұр едім, – деді. Сонда олар:

– Біздер сені өзімізге серік қылып алар едік, бірақ сенің не қасиетің бар? – деді.

– Сендердің не қасиеттерің бар? – деп патша олардың өзінен сұрайды. Сонда бұл үш ұры:

– Біздердің қасиетіміз әр түрлі: біреуіміз он сегіз мың әлемнің тілін білеміз, біреуіміз алтын-күмістің қай жерде жатқанын білеміз, – деді. Біреуі айтты:

– Мен қараңғыда көргенімді күндіз танымын, – деп. Сонда патша:

– Менің бір қасиетім бар, – деді, – қапылыста патшаға кімде-кім жазықты боп келсе, патша дарға аспаққа әмір етсе, сонда мен

A ravasz pasa

Hajdanán egy pasa városából minden nap mindenféle kincseket, arany és ezüst holmikat loptak el, ezért a pasa megparancsolta:

– Hét nap és hét éjjel senki sem hagyhatja el a házát. Mindenki maradjon otthon, éjjel senki nem gyújthat tüzet, de még gyertyát sem. Aki a parancsnak nem engedelmeskedik, a fejét veszik, és vagyona a kincstárba kerül.

Miután a pasa parancsát kihirdették, a városbeliek nem mentek sehova, házaikban maradtak. Senki nem gyújtott se gyertyát, se tüzet. Maga a pasa pedig minden éjjel baltát vett a kezébe, és anélkül, hogy bárki tudott volna róla az utcákon járkált.

Néhány nap múlva egyik éjjel a pasa a sarkon üldögélve észrevette, hogy három lovas karddal a kezében egyenesen a pasa kincstárába megy. Amint észrevették a sarkon ülő alakot, kivont karddal közeledtek feléje, hogy megöljék.

– Én is tolvaj vagyok, megpróbáltam bejutni a pasa kincstárába, de mivel egyedül voltam, nem sikerült – mesélte a pasa kilétét eltitkolva.

– Mi beveszünk magunk közé. Van valamilyen különleges tulajdonságod? – kérdezték.

– Nektek milyen tulajdonságotok van? – kérdezett vissza a pasa.

– Mindenféle tulajdonságunk van, egyikünk a világ minden nyelvét beszéli, a másikkunk tudja, hol található arany és ezüst – felelte erre a három tolvaj.

Megszólalt a harmadik:

– Én felismerem nappal, amit sötétben láttam.

– Nekem is van egy különleges tulajdonságom. Amikor a pasa valakit bűnösnek talál, és parancsot ad, hogy akasszák fel, én rákacsintok anélkül, hogy mások észrevennék, és nem öleti meg azt az embert, hanem elengedi.

A tolvajok megörültek ennek:

басқаларға білдірмей, патшаға көзімді қысып қойсам, патша ол адамды өлтірмей жіберетін еді, – деді. Ұрылар қуанып кетіп:

– Біздің қорқатынымыз жалғыз патша еді, оған сен айла ететін болсаң, бізге серік бол, қазынаға кірейік, – деді. Сол сөзбенен төртеуі қазынаға кіріп, патшаның алтындарын алып, сол сағатта бәрі де далаға шығып кетті. Жолай үш ұры патшаға:

– Сен бізге жақсы жолдас болдың, енді біздің мекенімізді көріңіз, – деді. Патша:

– Жақсы, – деді. Сол сөзбен үш ұрының мекеніне келді. Бір жерде көп моланың ішінде үлкен тас бар екен, тасты аударып тастап, бір тегістеген жерге кіріп жүре берді. Бұлардың жер астындағы мекендері бар екен, жайларын көрсетіп ұры: «Қазір қолыңа бір мың ділда ал, ертең базарға барып бір ат, бір қылыш сатып алып, кешке осы жерге кел, күндіз біздер ұйықтаймыз», – деді. Патша: «Жақсы», – деп мың ділданы алып, өз қаласына келеді. Қалаға келсе: «Патшамыз жоғалды», – деп, өзінің қырық уәзірі, – «Мен патша боламын, мен патша боламын», – деп, ұрыс шығарып жатыр екен.

Патша бұларды көріп, әрқайсысын әр жаққа қуып жіберіп, өзі таққа мініп, жиырма батырына қару-жарақтарын асындырып, баяғы үш ұрының жатқан жерін іздетіп жібереді. Батырлар барып оларды ұйықтап жатқан жерінде ұстап, байлап патшаға алып келеді. Келген соң, патшаны таныған ұрылардың бірі:

– Ойбай, түндегі біздің серігіміз патшаның өзі екен ғой, – деді. Сонда біреуі:

– Әй, тақсыр, көзіңді қысар болсаң, қысар жеріңіз келді, – деді. Сонан соң патша адам жіберіп, олардың жатқан жерінен барша қаладан ұрлап алған нәрселерін алдырып, әрқайсысын өзінің иесіне қайтарыпты. Ұрыларды да өлтірмей, бұдан кейін ұрлық жасамаймын деген уәделерін алып, қол беріпті.

– Mi már csak a pasától tartottunk, ha te ki tudod őt játszani, akkor csatlakozz hozzánk. Menjünk a kincstárba.

Azzal mind a négyen bementek a kincstárba, fogták a pasa aranyát, és még abban az órában mindnyájan távoztak is. Útközben a három tolvaj így szólt a pasához:

– Jó társunknak bizonyultál, most megláthatod a szálláshelyünket.

– Rendben – felelte a pasa.

E szavak után a három tolvaj szállására mentek. Egy síron egy hatalmas kő állt, ezt a követ elgördítették, így egy elegyengetett helyre jutottak. Ez egy földalatti szállás volt. Miközben a búvóhelyüket megmutatta, az egyik tolvaj így szólt: „Most vegyél magadhoz ezer aranyat, holnap menj a bazárba, és vegyél egy lovat meg egy kardot. Estére pedig gyere vissza, mi nappal alszunk.” A pasa beleegyezett, fogta az ezer aranyat, és a városába ment. Amint odaért elhíresztelte, hogy a pasa eltűnt. Erre negyven vezíre veszekedni kezdett, hogy melyikük legyen az uralkodó.

A pasa látva ezt, mindegyiket elűzte, maga ült a trónra. Húsz vitézét felfegyverezte, és a három tolvaj rejtékhelyének keresésére küldte. A vitézek odaértek, álmukban rajtuk ütöttek, és elfogták őket. Megkötözve a pasa elé állították őket. Felismerték a pasát, egyikük meg is szólalt:

– Ajjaj, az éjjeli társunk maga a pasa volt.

– Ej, felség kacsints, eljött az ideje.

Végül a pasa elküldött egy embert a szállásukra, hogy az összes lopott holmit visszahozza, majd visszajuttatta mindet a gazdájához. A tolvajokat pedig nem ölette meg, hanem szabadon engedte őket, de megígértette velük, hogy ezután nem lopnak.